

## Алматы қаласының мемлекеттік демографиялық саясат бағдарламасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының IX сессиясының 2001 жылғы 4 сәуірдегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2001 жылғы 25 сәуірде N 328 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1 тармағына және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Алматы қаласының мемлекеттік демографиялық саясат бағдарламасы және оны іске асыру жөніндегі шаралар бекітілсін (N 1, 2 қосымша).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қоғамдық келісім және рухани дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.Ж.Байсарина) және Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Х.Бижановқа жүктелсін.

*II - с а й л а н ғ а н*

*Алматы қалалық Мәслихатының*

*IX-сессиясының төрағасы*

*В. Булекбаев*

*II-сайланған Алматы қалалық*

*Мәслихатының хатшысы*

*Ж. Турегельдинов*

*II - с а й л а н ғ а н*

*Алматы қалалық*

*Мәслихатының*

*2001 жылғы 4*

*сәуірдегі*

*IX сессиясының*

*шешіміне*

*N 1 қосымша*

**Алматы қаласы мемлекеттік демографиялық саясатының бағдарламасы**

## Алматы 2001 ПАСПОРТЫ

Алматы қаласы демографиялық саясатының бағдарламасы "Қазақстан-2030" стратегияның демография саясаты саласында көрсетілген негізгі басымдықтарды іске асыруға бағытталған. Алматы қаласы демографиялық саясаты бағдарламасының негізгі мақсаты Алматы қаласы халқының тұрақты өсуін оның сапалық өсуімен орайластыру болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін қала органдары мына міндеттерді шешетін болады: - "оңтайлы демографиялық өсу" жағдайында ұрпақтардың табиғи алмасуын қамсыздандыру үшін байқалып отырған туу процесінің өсуін сақтау; - халықтың денсаулық жағдайын жақсарту; - қала халқының өлім-жітілісін барынша төмендету, өмір сүру жасын ұзарту; - көші-қон процессін реттеу; - отбасы неке қатынастарын нығайту мен дамыту және оны жалпы әлемдік үрдіске сәйкес үйлесімді дамыту; - қала тұрғындарының өмірін сапалы деңгейге көтеру. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Алматы қаласында адам саны 1893,0 мың адамға жетуі мүмкін. Қала тұрғындарының осы құрамы қала өміріне бейімделуі мен тартылуы үшін барлық қажетті жағдайды, қалайтын болса, алатын болады. Олардың күнделікті өміріндегі негізгі өлшем Қазақстан Республикасы Конституциясы, этно-мәдени дәстүрлер шегінде материалдық дәулетін, рухани ізгіліктің көтеру болып табылады. Бағдарламаны екі кезеңде іске асыру көзделеді: 1 кезең - 2001-2005 жж.; 2 кезең - 2005-2030 жж. Осы бағдарлама мен шаралар жоспары негізінен 1-ші кезеңде ашық нақтылайды. 2-ші кезең тұжырымдамалық сипатта берілген.

### К І Р І С П Е

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына, "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік демографиялық саясаттың тұжырымдамасы туралы" 2000 жылғы 17 тамыздағы N 1272 Қаулысына, "Алматы қаласы халқы арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі кешенді іс-әрекет бағдарламасына". Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының "Баршаның денсаулығы үшін" стратегиясына, "Алматы-салауатты қала" Халықаралық жобасына сәйкес әзірленді (Алматы қаласы Әкімінің 20.03.2000 ж. N 282 ш е ш і м і . )

Алматы қаласы демографиялық саясатының бағдарламасы "Қазақстан-2030" стратегиясының демография мен көші-қон саясаты саласында көрсетілмеген ел дамуының негізгі бағыттарын іске асыруға бағытталған.

Бағдарламаны әзірлеу кезекте мыналар негізгі арна болып табылады:

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік демографиялық саясаты мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген мақсаттар мен міндеттер; - 2001 жылдың басында Алматыда қалыптасқан демографиялық және көші-қон процестері; - Алматы қаласы экономикасы әртүрлі секторын жәй-күйі мен дамуы; - Орта мерзімді болашаққа арналған Алматы қаласындағы өзге де мемлекеттік мекемелердің бағдарламалары мен жоспарлары. Осы бағдарлама Қазақстан Республикасы демография және көші-қон саясаты мемлекеттік саясатының құрамындағы бөлігі

б о л ы п т а б ы л а д ы .

1. Алматы қаласында демография процестерінің қазіргі жағдайын талдау Қазіргі кезеңде республиканың басқа аймағымен салыстырғанда Алматы қаласындағы демографиялық ахуал оң қалыптасуда 1995-1999 жылдары қала халқының 3840 адамға көбейді. Алдын ала баға бойынша 2000 жылы ол 1136,1 мың адамды құрады. Оң қозғалыстар ахуалын механикалық және табиғи қозғалыстар тудыруда. Алматыдағы демографиялық процестердің ретроспектикалық талдамы халықтың механикалық қозғалыс бойынша бұрын байқалған жағымсыз бағдар 1996, 1998 жылдары қысқарды (1 таблица).

1 таблица.

Алматы қаласы халқының механикалық қозғалысы

|                          | 1992   | 1993   | 1994   | 1995   | 1996  | 1997  | 1998  | 1999  | 2000<br>(бағалау) |
|--------------------------|--------|--------|--------|--------|-------|-------|-------|-------|-------------------|
| Көші-қон - барлығы       |        |        |        |        |       |       |       |       |                   |
| Сальдо                   | -11131 | -13534 | -13642 | -759   | 3942  | -957  | 4644  | 4937  | 4838              |
| Ішкі көші-қон            |        |        |        |        |       |       |       |       |                   |
| Сальдо                   | 879    | 4097   | 8879   | 14284  | 12958 | 9905  | 13989 | 10051 |                   |
| Сыртқы көші-қон          |        |        |        |        |       |       |       |       |                   |
| Сальдо                   | 12010  | 17631  | 22338  | 15043  | 9016  | 10862 | 7345  | 5114  |                   |
| Оның ішінде: жақын шетел |        |        |        |        |       |       |       |       |                   |
| Сальдо                   | -9620  | -14390 | -18651 | -11405 | -5889 | -8148 | -6567 | -2828 |                   |
| Алыс шетел               |        |        |        |        |       |       |       |       |                   |
| Сальдо                   | -2390  | -3241  | -3687  | -3638  | -3127 | -2714 | -2778 | -2286 |                   |

Таблицадан көшіріп тұрғанындай, егер 1998 жылы қала бойынша көші-қонның жағымсыз сальдосы байқалса 1998 жылдан бастап оң. Сонымен қатар Алматы қаласы халқының өсуі негізінен ішкі көші-қон есебінен жүрді. Сыртқы көші-қон таяу, сондай-ақ алыс шетел бойынша әлі де теріс болып қалып отыр (2 таблица).

2 таблица.

Алматы қаласы халқының табиғи қозғалысы

|  | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 | 1999 | 2000<br>(бағалау) |
|--|------|------|------|------|------|-------------------|
|  |      |      |      |      |      |                   |

|               |       |       |       |       |       |       |
|---------------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| Туғандар саны | 12169 | 11581 | 11228 | 11524 | 12395 | 12570 |
| өлімдер саны  | 13173 | 12626 | 12208 | 11751 | 11423 | 11324 |
| табиғи өсім   | -1004 | -1045 | -980  | -227  | +972  | +1246 |

2 таблицадан көрініп тұрғандай, Алматы қаласы халқының оң сальдосы туудың артып, өлімнің төмендеуінен болып отыр. Сонымен қатар қала аудандары бойынша табиғи қозғалыстарды талдай келе, табиғи азаю Түрксіб ауданында (-219 адам) және Алмалы ауданында (-123 адам) байқалды. Қала бойынша өлім жиілігінің басты себебі қан айналымы жүйесінің ауруы (өлгендердің жалпы санының 54 %). Бақытсыз оқиғалары (16,0 %) болып отыр.

## **2. Алматы қаласындағы демографияның саясатының мақсаты мен негізгі міндеті**

Жоғарыда мазмұндалған Алматыдағы демография процесін талдауды ескере отырып, сондай-ақ Тұжырымдамада көрсетілген негізгі мақсат пен міндетке сәйкес Алматы қаласы демография саясаты Бағдарламасының негізгі мақсаты қаланың әлеуметтік және экономикалық қауіпсіз дамуын және халықтың санының және сапалық өсуіне барлық қажетті жағдайды жасау болып табылады. Қала билік органдарының алдында тұрған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттер тұр: - халықтың тіршілік ауаның тұрақты негізде зерттеу; - бала көтеретін жастағы әйелдерді дер кезінде сауықтыру мақсатында аумақтық поликлиникаларда диспансерлеу жүйесін жандандыру; - денсаулығы жағдайын жақсарту мақсатында жүкті әйелдерге медициналық препараттарды жеңілдікпен беру бойынша шаралар әзірлеу; - қозба сырқатты және әртүрлі акушерлік асқынуды өткерген бала көтеретін жастағы әйелдер үшін оңалту.

## **3. Алматыда көші-қон саясатына негізгі бағыттары мен іске асыру механизмі**

3.1. Туу Алматыда тууды реттеу құралдары мыналар: - халықтың тіршілік ауаның тұрақты негізде зерттеу;

- бала көтеретін жастарға әйелдерді дер кезінде сауықтыру мақсатында аумақтық поликлиникаларында диспансерлеу жүйесін жандандыру;

- денсаулығы жағдайын жақсарту мақсатында жүкті әйелдерге медициналық препараттарды жеңілдікпен беру бойынша шаралар әзірлеу;

- қозба сырқатты және әртүрлі акушерлік асқынуды өткерген бала көтеретін жастағы әйелдер үшін оңалту орталығын ашу (қан ағу, бала туғаннан кейінгі с ы р қ а т т а р ж ә н е т . б . ) ;

- қосалқы перзентханалардың материалдық-техникалық базасын жақсарту

мен өрістету (эндоскопиялық қондырғы, ұрықтың жәй-күйін мониторингтік бақылау) ;

- абортты азайту және әйелдің өзіне тән міндетін сақтау мақсатында;
- жыныстық тәрбие және отбасылық өмірге даярлау, мәселесі бойынша ақпарат жүйесін құру ;
- балалардың емдеу сақтандыру ұйымдарын осы заманға медициналық қондырғы-аспаптармен жабдықтау ;
- балалар тағамын шығаратын арнайы кәсіпорындар келісіп ұйымдастыру;
- бір жасқа дейінгі балалар үшін (тегін тамақтандыру) сүт бөлмелерін ашу.

### 3.2. Өлімді төмендету

Алматыдағы өлім-жетімді төмендету саласындағы негізгі құралдар:

- балалар өлімін қысқарту мақсатында жастайынан жұқпалы, кездейсоқ және әлсіздік тудыратын аурулармен күрес жөніндегі 687 бағдарламасын енгізу; - дифтерияға, көкжөтелге, полиемелитке, туберкулезге, В гепатитіне, эпидпаротитке қарсы балаларды қамсыздандыру; - Г.К. Ивановтың "сәби" әдістемесі бойынша балаларды шынықтандыру әдісін енгізу; - Салауатты өмір салты, заңды әдістермен күрес дәстүрлері мен бағдарламасын қалыптастыру; - Туберкулез, қант диабеті, жүйкенің тозуы емдеу мен сауықтыру бойынша шаралар қабылдау; - Балалар мен оқушылар арасындағы жол-көлік оқиғасы жарاقاتын төмендету бойынша шаралар әзірлеу; - Халықты, әсіресе жастарды спортқа насихаттау және тарту; - қарт адамдарға медициналық көмекті дамыту мен жетілдіру (тегін медициналық көмектің кепілді көлемін кеңейту); - ауыз суының, азық-түліктің және дәрі-дәрмектің сапасына бақылауды күшейту; - экологиялық ахуалды сауықтыру.

Жалпы, орта мерзімді болашақта халықтың денсаулығын нығайту, өмірді төмендету жөніндегі негізгі бағдарламаның шаралары мыналар: - 2001 жылы рентген, хирургия, анестезиология, акушерлік және өзге де қондырғыларын 360,0 млн. теңге алу; - 32 ірі емдеу мекемесін күрделі жөндеу (ЖЖА, ОҚКА, N 1, 4, 5 қалалық аурухана мен бірқатар балалар және өзге де); - Автокөліктің, жылуэнергия көзінің, өнеркәсіп және тұрмыс қалдықтарының Алматы қаласы қоршаған ортасын мен халықтың денсаулығына жағымсыз ықпалын төмендету жөніндегі шаралар қабылдау; - Орманның табиғи қалпын зерттей отыра жасыл желекті түгендеу; - Алматы қаласы қоршаған ортасының аумақтық кешенін әзірлеу; Алдағы болашақта жеке медициналық қызметті, медициналық сақтандыру жүйесін дамыту жоспарлануда. Қоршаған ортаны қорғау саласында табиғат қорғау саласын оңтайландыру, өнеркәсіп өндірісін экологияландыру қарастырылуда.

3.3. Отбасы неке қатынастары Отбасы неке қатынасын дамытушы негізгі бағыты дәстүрлі отбасына нығайту болмақ. Орта мерзімді 2001-2005 жылдары,

сондай-ақ ұзақ мерзімді болашақта отбасы-неке қатынастарын дамыту саласындағы үстем бағыттар мыналар: - Қазақстан Республикасы Конституциясының шегінде отбасылық, этно-мәдениеті дәстүрлер мен нормаларын дамыту; - Жас отбасы клубының жемісін дамыту; - Жалпы әлемдік бағыттарға сәйкес отбасы-неке қатынастарында әйел мәртебесін дамыту мен көтеру; - Бала тәрбиелеуде ерлердің рөлін көтеру.

3.4. Көші-қон Алматыдағы көші-қон саясатының бағыттары мыналар: - қала азаматтарының елден тысқары кетуін қысқарту; - көші-қон балансын стратегиялық жоспарын сақтау; - этникалық қазақтардың тарихи отанына қайтуына, жерсінуіне жағдай жасау. 2001-2005 жылдары кетуді төмендету мақсатындағы негізгі шаралар: - жыл сайын "Алматы қаласының эмиграциялық ауаның индикаторын" анықтау (социологиялық зерттеулер жүргізу және ұлты, жасы мен қала аудандары бойынша кетудің негізгі себептерін анықтау); - "Біздің шетелдегі отандастарымыз", "Біз Алматыда тудық" және т.б. айдарымен теле-радио хабарларын өткізу. Ұзақ мерзімді көші-қон саясатына негізгі шаралары мыналар: - Алматыдағы халық қоныстануының экономикалық нормативтерін әзірлеу; - "Демографиялық өрлеуді қамсыздандыру мақсатында Алматыдағы көші-қон саясатын әзірлеу".

3.5. Алматы қаласы халқының сапалық өсуі, оның экономикалық дәулетінің көтерілуі

Алматы қаласы дамуының басым бағыты қала халқының сапалық өсуі, оның экономикалық дәулетінің көтерілуі болып табылады.

Бұл бағыттағы 2001-2005 жж. орта мерзімді болашақтағы негізгі шаралар: - мектепке дейінгі мекемелер желісін дамыту (екі бірлікке) және жеке секторды дамыту есебінен 5-6 жастағы балаларды мектеп алдындағы даярлықпен толық қамту;

- жалпы білім, кәсіби мектептерді, лицейлерді, колледждерді дамыту.

Жалпы 2005 жылға дейін орта білім мекемелеріндегі оқушылар санын 6,3 пайызға, ал бастауыш және кәсіби білім ұйымдарын 2 есеге, балалар бақшасындағы балалар санын 19,4 пайызға көбейту жоспарлануда.

Осы кезеңде мәдениет саласында мемлекеттік мұражайлардың, театрлардың, филармониялардың және концерт ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға баса назар аударылады.

Дене шынықтыру мен спорт саласында оның Тұжырымдамасын іске асыру ескерілетін болады.

Алматы қаласы демография саясатының негізгі бағыты оны экономикалық дәулеті көтерумен, жұмыс орнын құрумен, кедейшілікпен күреспен ұштастыру болып табылады. Осы мақсатта жергілікті бюджеттен әлеуметтік көмекке 1452,5 - 2159,8 млн. теңге немесе 48,7 пайыз қаражат жұмсалмақ. Бұл жағдайда

әлеуметтік көмектің орташа көлемі 2000 жылғы 29,7 пайызға көтерілетін болады. Қалалық 2001-2002 жж. кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес бағдарламасына сәйкес жұмыс істейтін кәсіп орындардағы жұмыс орны 942 бірлікке артады қосымша 32036 жұмыс орны құрылып, қоғамдық жұмысқа 11,4 мың адам кәсіби оқыту курсына 4,8 мың адам жіберілетін болады. Болашақта жеке секторды дамыту есебінен қызмет саласына маман даярлайтын мекемелер желісін (халықаралық туризм, денсаулық сақтау) көбейту, ұлттық мәдени, ғылыми орталықтарды әр түрлі парк және сквер жүйесін, "Қиял әлемін", қаржы секторын (сақтандыру, кредиттеу) дамыту көзделіп отыр.

#### **4. Бағдарламаны іске асыру бойынша қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері**

Алматыдағы демография саясатының Бағдарламасын іске асырудың негізгі қаржы көздері: - жергілікті бюджет қаражаты; - қала жұмыс берушілері мен азаматтарының қайырымдылық аударымдары; - жеке қаражат; - әр түрлі арнайы қорлар қаражаты; - кәсіпкерлік құрылымдар қаражаты; - өзге де көздер.

Қаржы көздерімен қатар Бағдарламаны іске асыру кезінде БАҚ-тағы идеологиялық жұмыс пайдаланылатын болады. Сондай-ақ қала көшелері мен алаңдарындағы салауатты өмір салты жарнамасы да өз міндетін атқарады.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже**

2030 жылы бағдарлама шараларының іске асыру нәтижесінде Алматыдағы халық санының 1893,0 адамға жететіндігі күтіледі.

Қала тұрғындарының осы интернационалдық құрамы қала өміріне бейімделу мен күндігу үшін барлық қажетті жағдайларды алатын болады. Халықтың күнделікті өміріндегі негізгі өлшемдер этно-мәдени дәстүрлер, Қазақстан Конституциясы шегінде салауатты өмір салты және материалдық игілікті, рухани ізгілікті көтеру болып табылады.

### **Г л о с с а р и й**

1. Демографиялық оптимум - жастық топ пен жыныс бойынша топтастырылған ел, аймақ халқының жыныстық-жастық құрамы.

2. Оптималды демографиялық өсу - демографиялық өрлеудің сақталуын қамтамасыз ететін халық санының өсуі.

3. Механикалық қозғалыс - халықтың кетуіне, келуіне және ел ішінде ауысуына негізделген халық санының өзгерісі.

4. Табиғи қозғалыс - халықтың тууы мен өлуінен туындаған халық санының

ө з г е р і с і .

5. Жүктілік жасы - бала көтеру жасындағы әйел.

6. Көші қонның жағымсыз сальдосы - кету келуден асады.

7. Ішкі көші-қон - халықтың ел ішіндегі ауысуы.

8. Сыртқы көші-қон - халықтың елден тысқары жерлерге кетуі.

9. Күші-қон қозғалысының индикаторы - көші-қонға әсер ететін, әлеуметтік-экономикалық, этникалық, саяси факторларды көрсететін кешенді көрсеткіш.

*І І - с а й л а н ғ а н*

*Алматы қалалық Мәслихатының*

*ІХ-сессиясының төрағасы*

*В. Булекбаев*

*ІІ-сайланған Алматы қалалық*

*Мәслихатының хатшысы*

*Ж. Турегельдинов*

*І І - с а й л а н ғ а н*

*Алматы*

*қалалық*

*Мәслихатының*

*2001*

*жылғы*

*4*

*сәуірдегі*

*ІХ*

*сессиясының*

*шешіміне*

*№ 2 қосымша*

## **Бағдарламаның іске асыру шараларының жоспары**

| №   | Шаралар   | Орындауға жауаптылар  | Мерзімі   | Қаржыландыру көзі  | Болжамдық бағасы |
|-----|---|---|---|--------------------|------------------|
| Туу |   |   |   |                    |                  |
| 1.  | Халықтың тіршіліктік мінез-құлқын зерттеу, бала құндылығы мен отбасы институтын насихаттау (әлеуметтік зерттеудің үлгілік әдістемесін, жарнама проспектісінің буклетін және т.б. жобаларын әзірлеу. БАҚ-та мүдделі ведомстволардың бірлескен мәжілісін ұйымдастыру) | Көші-қон және демография басқармасы, қалалық отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комитет, Денсаулық сақтау департаменті | Тұрақты, 2001 жылдың екінші жарты-жылдығынан бастап | Жергілікті бюджет  |                  |
| 2.  | Қосымша перзентхана мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мен жандандыру (эндоскопиялық қондырғы, ұрық жағдайын мониторингтік бақылау)  | Денсаулық сақтау департаменті   | 2001  | Жергілікті бюджет  |                  |
| 3.  | Бір жылға дейін балаларды тегін тамақтандыру үшін сүт бөлмесі желісін   | Қалалық және аудандық әкімшіліктер, Алматының іскер топтары - кәсіпкерлер одақтары,                                   | 2002  | Жергілікті бюджет, |                  |



|                  |  |  |                            |   |   |
|------------------|--|--|----------------------------|---|---|
|                  | ашу (талқыға енгізу және экономикалық, қаржылық, техникалық қамсыздандыру)   | қауымдастықтары және т.б.  |                            | кәсіпкерлік құрылымдар                    |   |
| 4.               | Балалар тағамын шығаратын арнайы кәсіпорындар желісін ұйымдастыру (талқыға енгізу және экономикалық, қаржылық, техникалық қамсыздандыру)   | Қалалық және аудандық әкімшіліктер, Алматының іскер топтары - кәсіпкерлер одақтары, қауымдастықтары және т.б.  | 2002                       | Жергілікті бюджет, кәсіпкерлік құрылымдар |   |
| 5.               | Қозба ауруларына шалдыққан және әртүрлі акушерлік асқынуды өткерген бала көтеретін әйелдер үшін оңалту орталығын ашу (гестоз, кан ағу, бала туғаннан кейінгі сырқат және т.б.)   | Денсаулық сақтау департаменті  | 2001-2005                  | Жергілікті бюджет                         |   |
| 6.               | Жүктілік кезінде бала көтеретін жастағы әйелдің жүйкелік-тәндік жағдайын жақсарту бағдарламасын енгізу және "Баланың болашақ денсаулығы кабинетін" ашу   | Денсаулық сақтау департаменті, қалалық отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комитеті, қалалық әйелдер орталығы  | 1999 басталды және тұрақты | Жергілікті бюджет                         |   |
| Өлімді төмендету |  |  |                            |   |   |
| 1.               | Салауатты өмір салты, зиянды әдеттермен күрес дәстүрлер мен бағдарламасының тегершіктері мен құралдарын және іске асыру механизімін әзірлеу, оқушылар мен жасөспірімдер арасында жол-көлік оқиғасының болған жарақаттарды төмендету бойынша шаралар әзірлеу, халықты әсіресе, жастарды спортқа тарту және насихаттау | Денсаулық сақтау департаменті, қалалық отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комитеті, қалалық әйелдер орталығы, Алматы қаласының ПББ қалалық дене шынықтыру және спорт комитеті | 2001                       |   |   |
| 2.               | Балалар өлімін азайту мақсатында жас сәбилердің жұқпалы, қозба және жас ерекшелігіне байланысты аурулармен күрес жөніндегі БДҰ бағдарламасын енгізу  | Денсаулық сақтау департаменті  | 2002                       | БДҰ желісі бойынша                        |   |
| 3.               | Шығынды төмендетпей бекітілген беташар тізімге сәйкес денсаулық сақтау объектілерін жыл сайын күрделі жөндеу   | Денсаулық сақтау департаменті  | 2001-2005                  | Жергілікті бюджет                         |   |
| 4.               | Медициналық көмектің басым түрлерін жетілдіру (сәбиді дүниеге келтіру жедел көмек және т.б.)   | Денсаулық сақтау департаменті  | 2001-2005                  | Бөлінген қаражат есебінен                 |   |
| 5.               | Қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық кешенді схемасын әзірлеу  | АҚҚОҚАБ, сәулет және қала құрылысы департаменті  | 2001-2002                  | Жергілікті бюджет (АҚҚОҚК)                | 20,0 млн. теңге оның ішінде 2001 жылға 4,0 млн. теңге |
| 6.               |  |  | 2001-2002                  | ТАСИС желісі бойынша                      |   |

|                                |  |  |                      |                                  |                          |
|--------------------------------|--|--|----------------------|----------------------------------|--------------------------|
|                                | "Алматы қаласының әуе бассейнін сауықтыру" жобасын әзірлеу   | АҚҚОҚАБ, қала әкімшілігі, кәсіпорындар   |                      | инвестиция                       | 1,0 млн. ЕВРО            |
| 7.                             | Алматы қаласының аумағын экологиялық және санитарлық-гигиеналық аудандастыру нәтижесі бойынша жергілікті экологиялық бағдарлама әзірлеу  | АҚҚОҚАБ, аудандар әкімшілігі   | 2001-2005            | Жергілікті бюджет (АҚҚОҚК)       |                          |
| 8.                             | Автокөлікті кезеңмен улы газ бен заттарды шығаруын ауыздықтайтын қондырғылармен жабдықтау: - Коммуналдық көлікті жабдықтау, техникалық жобасын әзірлеу, бензин қозғалтқыштарын улы газ бейтараптандырғыштардың кезекті легімен қамсыздандыру | АҚҚОҚАБ, ПББ ЖТП, көлік және байланыс департаменті, автокөлік кәсіпорындары, басқа табиғат пайдалану шылары  | 2001                 | Жергілікті бюджет (АҚҚОҚК)       | 7,8 млн. теңге           |
| 9.                             | Қала көшелерінде автокөліктен шығатын газдың улылық нормасына тұрақты бақылау жасау  | АҚҚОҚАБ, ПББ ЖТП   | Тұрақты              | Жергілікті бюджет                | Жыл сайын 4,0 млн. теңге |
| 10.                            | Энергия көзін үнемдеуді ескере отырып Алматыны - жылу және электрмен жабдықтауды дамытудың салалық схемасын әзірлеу  | "ҚазНИПИ-энергопром институты", "ЖАҚ, "Энергия" ЖАҚ, "Қазсель-энергпроект", ААҚ, энергия үнемдеу департаменті, сәулет және қала құрылысы департаменті, жылу және энергия берушілер | 2001-2002            | Жергілікті бюджет                | 31,0 млн. теңге          |
| 11.                            | ТЭЦ-1-ден шығатын қалдықты тазалау жүйесін жаңалау   | ТЭЦ-1  | 2001-2002            | Жергілікті бюджет (АҚҚОҚК)       | 30,0 млн. теңге          |
| 12.                            | Алматыны қатты қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру   | Қалалық және аудандық әкімшіліктер "ТӨРТІП" ММК, АҚҚОҚАБ   | 2001-2005            | Жергілікті бюджет, инвестициялар |                          |
| 13.                            | Жасыл желектерді түгендеу (орманның табиғи жағдайына зерттеу жүргізу)  | "Көріктендіру" ААҚ, АҚҚОҚАБ, ҚазАҚРБ, "Қала құрылысын жобалау орталығы" ЖАҚ, ғарыштық зерттеулер институты   | 2001-2002            | Жергілікті бюджет (АҚҚОҚК)       | 18,0 млн. теңге          |
| 14.                            | "Астананың жасыл желегі" жобасын әзірлеу   | Жасылқұрылыс, орман шаруашылығы ҒЗИ, қалалық абаттандыру орталығы  | 2001                 | Жергілікті бюджет                |                          |
| <b>Отбасы-неке қатынастары</b> |  |  |                      |                                  |                          |
|                                | Қазақстан Республикасы Конституциясы шегінде, этно-мәдени дәстүрлер шегінде материалдық дәулетті, рухани ізгілікті   | Көші-қон және демография   | Тұрақты, 2001 жылдың |                                  |                          |

|   |   |   |                                |  |                                      |
|---|---|---|--------------------------------|--|--------------------------------------|
| 1.  | көтеру, болып табылады әлеуметтік зерттеудің үлгілік әдістемесін, жарнама проспектісінің буклетін және т.б. жобаларын әзірлеу. БАҚ-та мүдделі ведомстволардың бірлескен мәжілісін ұйымдастыру | басқармасы, қалалық отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комитет, Денсаулық сақтау департаменті                | екінші жарты жылдығынан бастап | Жергілікті бюджет                          |                                      |
| 2.  | "Жас отбасы" клубы желісін дамыту   | қалалық отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комитет, қалалық әйелдер орталығы, Неке сарайы, аудандық АХАТ-тар | 2001                           | Жергілікті бюджет                          |                                      |
| Көші-қон  |   |   |                                |  |                                      |
| 1.  | "Алматы қаласының келу-кету ауданының индикаторын" әзірлеу  | Көші-қон және демография басқармасы   | 2002                           |  |                                      |
| 2.  | Қала аудандарында әлеуметтік зерттеулер жүргізу және ұлт пен жас бойынша кетудің негізгі себептерін анықтау   | Көші-қон және демография басқармасы   | 2002- 2005                     |  |                                      |
| 3.  | "Біздің шетелдегі отандастарымыз", "Біз Алматыда тудық" және т.б. айдарымен теле-радио хабарларын өткізу  | Көші-қон және демография басқармасы   | 2002- 2005                     |  |                                      |
| 4.  | Алматыдағы халық қоныстануының экономикалық нормативтерін әзірлеу;  | Көші-қон және демография басқармасы   | 2005                           |  |                                      |
| 5.  | "Демографиялық өрлеуді қамсыздандыру мақсатында Алматыдағы көші-қон саясатын әзірлеу"   | Көші-қон және демография басқармасы   | 2005                           |  |                                      |
| 6.  | Этникалық қазақтардың тарихи отанына қайтуының және 2001-2005 жылдарғы квотасын жасау, жерсінуіне жағдай жасау  | Көші-қон және демография басқармасы   | 2001                           |  |                                      |
| Алматы қаласы халқының сапалық өсуі, оның экономикалық дәулетінің көтерілуі |   |   |                                |  |                                      |
| 1.  | Балалардың мектепке дейінгі мекемелерінде олардың санын 26,09 мыңға жеткізу   | Білім департаменті  | 2001- 2005                     | Жеке кәсіпкерлік топтар                    |                                      |
| 2.  | Бұрын балабақшасына бармаған 6-ға дейінгі 4594 баланы мектеп алдындағы даярлығын қосымша көбейту, оның ішінде 1418-мектеп базасында   | Білім департаменті  | 2001- 2005                     | Жеке кәсіпкерлік топтар, жергілікті бюджет | жылына 80,0 млн.теңге                |
| 3.  | "Шаңырақ-2" ықшам ауданындағы 1 мектепті қосымша пайдалануға беру есебінен оқушы орнының санын 800 орынға арттыру   | Білім департаменті  | 2001                           | Жергілікті бюджет                          | 257,7 млн. теңге                     |
| 4.  | 2005 жылға дейін жалпы білім беретін мектепті 7 бірлікке және оңалту мектеп интернатын-1 бірлікке көбейту   | Білім департаменті  | 2001- 2005                     | Жеке қаражат есебінен                      | 1409,8 млн.теңге<br>127,3 млн. теңге |

|     |  |  |            |  |                                     |
|-----|--|--|------------|--|-------------------------------------|
| 5.  | Кәсіби мектеппен, лицейге оқушы қабылдауды 2000 жылдан бастап 2 есе көбейту (1520-дан 3040-қа дейін)   | Білім департаменті   | 2001- 2005 | Жеке қаражат есебінен  | 26,0 млн.теңге<br>33,0 млн. теңге   |
| 6.  | Орта кәсіби білімі бар мамандарға қала кәсіпорындары мен ұйымдарының мұқтажын барынша қамсыздандыру мақсатында колледжге оқушы қабылдауды екі есеге көбейту (1475-тен 2950-ге дейін)                           | Білім департаменті   | 2001- 2005 | Жергілікті бюджет, шаруашылық субъектілер                      |                                     |
| 7.  | Спорт ғимараттарының желісін 5,2%-ке (оның ішінде мемлекеттік емес орындардың 52,6%-ке), дене шынықтыру спорт бірлестіктерін 22,4%-ке, кәсіби одақтар мен федерациялардікін 86,6%-ке, балалар 63,6%-ке кеңейту | Дене шынықтыру және спорт комитеті, қалалық және аудандық әкімшіліктер | 2001- 2005 | Жергілікті бюджет, шаруашылық субъектілер, кәсіпкерлік топтар  |                                     |
| 8.  | 90 мың отбасын тұрғын үй көмегімен қамту   | қалалық және аудандық әкімшіліктер                                     | 2001- 2002 | Жергілікті бюджет  | 720,6 млн. теңге                    |
| 9.  | Жұмыс істейтін кәсіпорындардағы жұмыс орнын 942 бірлікке көбейту, қосымша 32036 жұмыс орнын ашу  | Кәсіпорындар   | 2001- 2002 | Шаруашылық субъектілері, кәсіпкерлік топтар                    |                                     |
| 10. | Қоғамдық жұмысқа 11,49 адамды, кәсіби оқыту курстарына 4,8 мың жұмыссызды жіберу   | Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті             | 2001- 2002 | Жергілікті бюджет  | 86,08 мың млн.теңге 90,7 млн. теңге |
| 11. | Халықаралық туризмді, денсаулық сақтау көбейту, ұлттық мәдени, ғылыми орталықтарды әр түрлі парк және сквер жүйесін, "Қиял әлемін", қаржы секторын (сақтандыру, кредиттеу) дамыту                              | Барлық қалалық ведомстволар  | 2001- 2005 | Жергілікті бюджет, шаруашылық субъектілері, кәсіпкерлік топтар |                                     |

*І І - с а й л а н ғ а н*

*Алматы қалалық Мәслихатының*

*ІХ-сессиясының төрағасы*

*В. Булекбаев*

*ІІ-сайланған Алматы қалалық*

*Мәслихатының хатшысы*

*Ж. Турегельдинов*